

## **«Қазақстан халқына» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы жұмысы туралы ақпарат**

2023 жылы Қамқоршылық кеңестің 22 бетпе-бет отырыс және 1 сырттай отырыс өткізілді.

Қамқоршылық кеңес 107 мәселені қарады және шешім қабылдады.

### **Қамқоршылық кеңес қабылдаған шешімдер:**

#### **Қамқоршылық кеңестің**

#### **16.01.2022 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 27 хаттама)**

1. 2023 жылдың I жартыжылдығына арналған Қамқоршылық кеңес отырыстарының кестесі бекітілді.

2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының нысаналы капиталын (эндаументін) қалыптастыру тұжырымдамасы назарға алынды.

3. «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

4. «Coursera» – қазақ тілінде» қайырымдылық жобасы бекітілді.

5. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қайырымдылық көмек көрсету Ережесі бекітілді.

6. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудиторының лауазымдық нұсқаулығы бекітілді.

7. 2023 жылға арналған Аудит жоспары бекітілді.

8. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ораз Алиевич Жандосовтың жазбаша хабарламасын қарап, 2023 жылғы 10 қаңтардан бастап өз бастамасы бойынша оның өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданды.

9. Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Нургазиева Бану Ганиевна «Қазақстан халқына» ҚҚ қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып сайланды.

#### **Қамқоршылық кеңестің**

#### **30.01.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 28 хаттама)**

1. «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі Компания» корпоративтік қорын құру жолымен коммерциялық емес ұйым құру туралы шешім қабылданды.

2. «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі Компания» корпоративтік қорының жарғысы бекітілді. Бұл ретте Қор Басқармасына мыналарды қамтамасыз ету тапсырылды:

1) «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі Компания» корпоративтік қорының құрылтайшысының функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру;

2) «Endowment Qazaqstan Halqyna» нысаналы капиталды (эндаументті) басқару жөніндегі Компания» корпоративтік қорының тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы – қамқоршылық кеңесін қалыптастыру;

3) 2023 жылғы 16 қаңтарда Қордың Қамқоршылық кеңесінің отырысында қаралған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының нысаналы капиталын (эндаументін) қалыптастыру тұжырымдамасына сәйкес өзге де шаралар қабылдау.

3. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

4. Келесі қайырымдылық бағдарламалар мен жобалардың мониторингі бойынша есептер назарға алынды:

1) қаңтардағы оқиғалар кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету;

2) Қостанай облысы Әуликөл және Қарасу аудандарының аумағында табиғи сипаттағы ТЖ салдарынан тұрғын үйсіз қалған отбасыларға (үй шаруашылықтарына) қайырымдылық көмек көрсету;

3) 2022 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде БҚО Жәнібек және Қаратөбе аудандарының зардап шеккен тұрғындарына қайырымдылық көмек;

4) пара-хоккейден халықаралық жарыстарға дайындалу және қатысу үшін спортшыларды спорттық мүкәммалмен қамтамасыз ету;

5) «Тұсау кесер».

5. Қордың қайырымдылық бағдарламалары мен жобаларына салық салу мәселелері бойынша шешімдер қабылданды.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген «Онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» жобасында (бұдан әрі – Кешенді жоспар) көзделген іс-шараларды іске асыруға «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның қатысуы алдын ала мақұлданды. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның Кешенді жоспарға қатысуын қаржыландыру көзі ретінде «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 5-тармағына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ таза табысының кемінде 7% мөлшерінде түсімдер айқындалсын.

Бұл ретте Қор Басқармасына Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен кешенді жоспарға енгізілген іс-шараларды, оларды бірлесіп іске асыру тетіктерін пысықтау және Қордың қамқоршылық кеңесіне бекітуге енгізу тапсырылды.

### **Қамқоршылық кеңестің**

#### **13.02.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 29 хаттама)**

1. «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кадрларын шетелде оқыту және шетелдік мамандарды тарта отырып шеберлік сыныптарын ұйымдастыру» бағыты бойынша тәсілдер бекітілсін.

2. «Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту» қайырымдылық жобасы бекітілсін.

3. «Шетелде онкология және гематология бөлімшелерінің дәрігерлерін оқыту» қайырымдылық жобасы бекітілсін.

4. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Сулейменова Роза Айтжановнаның өкілеттігі 2023 жылғы 1 ақпаннан бастап оның өз бастамасы бойынша жазбаша хабарламасы негізінде тоқтатылды.

**Қамқоршылық кеңестің  
20.02.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 30 хаттама)**

1. Қордың 2022 жылғы қаржылық есептілігінің сыртқы аудитін жүзеге асыру үшін аудиторлық ұйым – «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС анықталды.

**Қамқоршылық кеңестің  
27.02.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 31 хаттама)**

1. «QH Оңалту орталықтары» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «Тұсау кесер» қайырымдылық жобасына өзгерістер бекітілді.
3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Пя Юрий Владимировичтің өкілеттігін 2023 жылғы 1 наурыздан бастап оның өз бастамасы бойынша жазбаша хабарламасы негізінде тоқтату туралы шешім қабылданды.

**Қамқоршылық кеңестің  
13.03.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№32 хаттама)**

1. «QH Денсаулық жолы» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2023 жылға арналған әкімшілік бюджетіне өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданды.
3. Келесі қайырымдылық бағдарламалар мен жобалардың мониторингі бойынша есептер назарға алынды:
  - 1) «100 балалар спорт залы» бағдарламасы шеңберінде «24 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы;
  - 2) «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы. Қор Басқармасына «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру кезінде анықталған проблемалық сұрақтарды шешу бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ресейлік ЖОО филиалдарының талапкерлері мен студенттеріне білім беру гранттарын беру мәселесін пысықтау тапсырылды.

**Қамқоршылық кеңестің  
03.04.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 33 хаттама)**

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып Мақсат Мәлікұлы Толықбаев сайланды.

2. Қамқоршылық кеңес хатшысының өкілеттік мерзімі ұзартылды.
3. Ішкі аудитордың 2023 жылғы 1 тоқсандағы есебі назарға алынды.
4. «Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтық құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

**Қамқоршылық кеңестің  
28.04.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 34 хаттама)**

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді.
2. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның 2022 жылғы жылдық есебі бекітілді.
3. «QH –онкологиялық қызметті жабдықпен жарақтандыру бөлігінде дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.
4. «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы жаңа редакцияда бекітілді.
5. «Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.
6. «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

**Қамқоршылық кеңестің  
15.05.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 35 хаттама)**

1. «Медициналық генетиктер мен ультрадыбыстық диагностика мамандарын шетелде оқыту» қайырымдылық жобасына өзгерістер енгізілді.
2. «QH Жаздық жолдама» қайырымдылық жобасы бекітілді.
3. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметі туралы ереже бекітілді және 2 (екі) бірлік қызметінің сандық құрамы анықталды – Ішкі аудит қызметінің басшысы және ішкі аудиторы.  
Қордың Қамқоршылық кеңесінің 20.06.2022 ж. № 11 шешімімен бекітілген «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Ішкі аудиторы туралы ереженің күші жойылды деп танылды.
4. Қоса беріліп отырған «Қазақстан халқына» ҚҚ Ішкі аудит қызметі басшысының және «Қазақстан халқына» ҚҚ Ішкі аудит қызметі ішкі аудиторының лауазымдық нұсқаулықтары бекітілді.  
Қордың Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 ж. № 27 шешімімен бекітілген «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудиторының лауазымдық нұсқаулығының күші жойылды деп танылды.
5. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит жүргізу ережесі бекітілді.

6. «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметінің басшысы тағайындалды, өкілеттік мерзімі – 2024 жылғы 2 желтоқсанды қоса алғанға дейін.

7. 2023-2024 жылдары қайырымдылық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру туралы болжам назарға алынды.

### **Қамқоршылық кеңестің 29.05.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 36 хаттама)**

1. «QH Балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «QH Аудандық оңалту орталықтары» қайырымдылық жобасы бекітілді. Жобаны қаржыландыру Қордың Қамқоршылық кеңесінің жекелеген шешімдері негізінде оңалту орталықтарын құру үшін жергілікті атқарушы органдар ұсынатын үй-жайлардың әзірлігіне қарай жүзеге асырылатын болады

3. Мынадай негізгі параметрлері бар жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату арқылы ауылдық жерлерде, моно- және шағын қалаларда спорттық инфрақұрылымды дамыту бойынша тәсілдер мақұлданды:

1) спорт залдарының жалпы мөлшері 25x55 метр шегінде, тек командалық спорт түрлеріне арналған жабыны бар жылдам салынатын модульдік залдар (футзал, баскетбол, волейбол, гандбол);

2) ауылдық елді мекендерде, моно- және шағын қалаларда орнату;

3) бірыңғай жағдай ретінде мынадай шарттар сақталған кезде Алматы, Астана және Шымкент қалалары да бола алады:

- ерекше қажеттіліктері бар балаларға бағытталған спорт секциясының өзіндік оқу бағдарламасының болуы;

- 2013 жылдан кейін қала құрамына енгізілген бұрынғы ауылдық аумақ;

4) жалпы саны 80 спорт залына дейін, әрбір облысқа, республикалық маңызы бар қалаға, астанаға 4-ден;

5) бір «толық аяқталған» спорт залының құны 175 млн. теңгеден аспайды.

4. «Coursera» – қазақ тілінде» қайырымдылық жобасына өзгерістер енгізілді.

### **Қамқоршылық кеңестің 12.06.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 37 хаттама)**

1. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы болып шешім қабылданған күннен бастап бір жыл мерзімге Сүлейменов Қайырбек Шошанұлы сайланды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ Қамқоршылық кеңесі Төрағасының орынбасары болып шешім қабылданған күннен бастап бір жыл мерзімге Аманжолова Зәуреш Жұманәліқызы сайланды.

3. 2023 жылдың II жартыжылдығына арналған Қамқоршылық кеңес отырыстарының кестесі бекітілді.

4. «QH цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

5. Жеке тұлғалардың өтінімдері бойынша қайырымдылық көмек көрсету және Қордың 2022-2023 жылдардағы бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі назарға алынды. Ішкі аудит қызметіне түзету іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізу тапсырылды.

6. Абай облысының Бородулиха ауданында және Семей қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай кезінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқандардың отбасыларына қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды:

– 7 000 000 (жеті миллион) теңгеден (салықтарды шегергенде) - қаза тапқандардың отбасыларына;

- қаза тапқандардың отбасыларындағы әрбір кәмелетке толмаған балаға (2023 жылғы 11 маусымдағы жағдай бойынша 18 жастан аспаған) 2 000 000 (екі миллион) теңгеден (салықтарды шегергенде).

«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қайтыс болған азаматтардың балаларына білім беру гранттары мен шәкіртақылар беру, Эндаумент қорына жеке шоттар ашу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қордың Басқарма төрағасы Б.Б. Жәмішевке осы шешімнің орындалуы туралы Қамқоршылық кеңеске ақпарат беру тапсырылды.

### **Қамқоршылық кеңестің 26.06.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 38 хаттама)**

1. «Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарға сәйкес онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қаржыландыру» бағыты бойынша тәсілдер бекітілді.

2. «Qazaqstan mektebine» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 26 шешімінің күші жойылды деп танылды.

### **Қамқоршылық кеңестің 10.07.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 39 хаттама)**

1. «ҚН Шекарамен шектес шалғайдағы Тарбағатай ауданының Денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау объектілерін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «ҚН Шарапат» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру сапасының аралық мониторингі бойынша есеп назарға алынды. Бұл ретте Қор Басқармасына бағдарламаны іске асыру шеңберінде Серіктестің оқытушылардың білімі мен оқыту сапасын ұдайы арттыруын қамтамасыз ету, Серіктестің жобаны іске асыру бойынша анықталған ескертулерді жоюы бойынша одан әрі бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ конструктордың жиынтықтаушы жиынтықтарының техникалық сәйкестігіне бақылау тексеруін жүргізу тапсырылды.

4. «Болашақ инженерлер моноқалаларда» қайырымдылық бағдарламасы бекітілді.

5. «ҚН Қостанай облысы Жітіқара ауданында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

6. «ҚН Балалар нейрохирургиялық қызметін дамыту» қайырымдылық жобасына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

### **Қамқоршылық кеңестің**

#### **24.07.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 40 хаттама)**

1. 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Қазақстан халқына» ҚҚ қызметі туралы есеп бекітілді.

2. «Аутизм және басқа да менталды кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жарақтандыру» қайырымдылық жобасына өзгерістер енгізілді.

3. «Психоневрологиялық аурулары және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған «Ақ жол-М» оналту орталығын жарақтандыру» қайырымдылық жобасын іске асыру мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартылды.

4. «ҚН Аудандық оналту орталықтары» қайырымдылық жобасы аясында 8 аудандық оналту орталықтарын қаржыландыру бекітілді.

5. «ҚН Шапағат Орал» қайырымдылық жобасы бекітілді.

6. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының есеп саясатына толықтырулар енгізілді.

7. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасы жаңа редакцияда бекітілді.

### **Қамқоршылық кеңестің**

#### **14.08.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 41 хаттама)**

1. «QH Дихан ауылының оңалту орталығы» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. «76 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. Жеке тұлғалардың өтінімдері бойынша қайырымдылық көмек көрсету және Қордың 2022-2023 жылдардағы бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі және 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есебі назарға алынды.

4. Ішкі аудит қызметінің басшысына 2023 жылғы 2 тоқсандағы жұмыс қорытындысы бойынша лауазымдық жалақының 50% (елу пайызы) мөлшерінде сыйақы беру туралы шешім қабылданды.

### **Қамқоршылық кеңестің 28.08.2023 жылғы сырттай отырысы (№ 42 хаттама)**

1. Екі жақты микротия және атрезиясы бар балаларға шетелде емделуге ақы төлеу бойынша қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды - 18.11.2015 ж.т. Коккозов Дамирге және 12.03.2015 ж.т. Күреңбай Рамазанға.

### **Қамқоршылық кеңестің 11.09.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 43 хаттама)**

1. «QH Трансплантация үйлестірушілерін оқыту» қайырымдылық жобасы бекітілді. Бұл ретте Қор Басқармасына төмендегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне жүгіну тапсырылды:

- мәйіт донорлығы мәселелері бойынша тиісті Жоспарды (жол картасын) бекіте отырып, оның ішінде қалың жұртшылықтың, діни конфессиялардың, халықаралық ұйымдардың қатысуымен Конференция өткізуді қоса алғанда, тиісті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі;

- Қазақстан Республикасының мәйіт донорлығы саласындағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауды жеделдету қажеттілігі.

2. «Алматы облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» қайырымдылық жобасы бекітілді.

### **Қамқоршылық кеңестің 25.09.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 44 хаттама)**



1. «QH Есіктен есікке дейінгі қолжетімді орта» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. Келесі есептер назарға алынды:

- «Қазақстан Республикасының спортшыларын пара-атлетикаға дайындау және қатысу үшін спорттық-жүгіру протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық жобасын іске асыру сапасының қорытынды мониторингі бойынша есеп;

- «Көздің мүйізгек қабығын ауыстырып салуды қажет ететін көз ағзаларының аурулары бар пациенттерге қайырымдылық көмек көрсету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру сапасының аралық мониторингі бойынша есеп.

### **Қамқоршылық кеңесінің 09.10.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№45 хаттама)**

1. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Арманжан Мерекеұлы Байтасовтың жазбаша хабарламасын қарап, оның өкілеттігін өз бастамасы бойынша тоқтату туралы шешім қабылданды.

2. Орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алу тәсілдері жаңа редакцияда бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің 2022 жылғы 28 наурыздағы (№6 хаттама) «Орфандық аурулары бар пациенттерді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету жөніндегі жобаларға тәсілдерді бекіту туралы» мәселесі жөніндегі шешімінің күші жойылды деп танылды.

3. 2023 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алуды қаржыландырудың қосымша лимиті 11 000 000 000 (он бір миллиард) теңгеден аспайтын мөлшерде бекітілді.

4. «Медициналық ұйымдарды шала туылған нәрестелердің ретинопатиясын емдеу және офтальмологиялық скрининг жасау үшін жабдықтармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасын іске асыру сапасының мониторингі бойынша есеп назарға алынды.

### **Қамқоршылық кеңестің 23.10.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№46 хаттама)**

1. "QH Жігер" қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. Қайғылы қаңтар оқиғасында абайсызда құрбан болған марқұм А.А.Мұсаевтың анасы Саида Иманходжаеваға 7 000 000 (жеті миллион) теңге (салықтарды шегергенде) біржолғы қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

3. Жеке тұлғалардың өтінімдері бойынша қайырымдылық көмек көрсету және Қордың 2022 – 2023 жылдардағы бағдарламалары мен жобаларын іске асыру мәселелері бойынша Ішкі аудит қызметінің

аудиторлық есебі және «Қазақстан халқына» ҚҚ ішкі аудит қызметінің 2023 жылғы үшінші тоқсандағы қызметі туралы есебі назарға алынды. Ішкі аудит қызметіне түзету іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізу тапсырылды. Мониторинг нәтижелері Қордың қамқоршылық кеңесіне Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы және жылдық есептерінде ұсынылсын.

### **Қамқоршылық кеңестің 20.11.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№47 хаттама)**

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі М. М. Толықбаевтың жазбаша хабарламасын қарап, «Қазақстан халқына» ҚҚ Жарғысының 5.1-тармағына және 5.8-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшесі Мақсат Малиқұлы Толықбаевтың бастамасы бойынша өкілеттігі тоқтатылды.

2. «QH Қордай арнаулы әлеуметтік орталығы» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «QH Жетісу облысының Көктал және Қапал ауылдарында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді. Бұл ретте шарттар жасасуды және Қормен қаржыландыруды қоса алғанда, Жобаны іске асыруды Жетісу облысының әкімдігі инженерлік коммуникациялар объектілеріне (сумен жабдықтау, электр энергиясы) тартуға қаражат бөлу туралы растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін бастау туралы шешім қабылданды.

4. Орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алуды қаржыландырудың қосымша лимиті 2023 жылғы 31 желтоқсан (қоса алғанда) кезеңіне 4 400 000 000 (төрт миллиард төрт жүз миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде бекітілді.

5. Өңірлердің картасы – «Қазақстан халқына» Ұлттық қайырымдылық конференциясының қорытынды құжаты назарға алынды.

6. 2024 жылға арналған «Қазақстан халқына» ҚҚ әкімшілік бюджеті бекітілді.

### **Қамқоршылық кеңестің 04.12.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№48 хаттама)**

1. «QH Мүмкіндігі шектеулі балаларды үй жағдайында оңалту» қайырымдылық жобасы мақұлданды.

2. «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасының мониторингі туралы аралық есеп назарға алынды. Қор басқармасына студенттердің әр айдың 15-інен кешіктірмей шәкіртақы алуын қамтамасыз ету үшін ЖЖКОҰ-мен бірлесіп жұмыс істеу тапсырылды.

3. «Дюшен бұлшықет дистрофиясы» орфандық ауруы бар пациенттерді «Голодирсен» дәрілік препаратымен қамтамасыз ету мәселесі қаралды. Қор басқармасына орфандық аурулармен ауыратын науқастарды дәрілік

қамтамасыз ету саласындағы ҚР заңнамасын сақтау, атап айтқанда қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жергілікті бюджеттер және/немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алуға көзделген «Виондис – 53» (Голодирсен) дәрілік затын сатып алу туралы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүгіну тапсырылды.

### **Қамқоршылық кеңестің 25.12.2023 жылғы бетпе-бет отырысы (№ 49 хаттама)**

1. «QH Абай облысының Әуезов кентінде ангар үлгісіндегі тез салынатын модульдік спорт залдарын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.

2. Еліміздің 6 өңірінде «Ерте араласу орталықтарын жарақтандыру» қайырымдылық жобасы шеңберінде ерте араласу орталықтарын ашу мерзімдері белгіленді.

3. Назарға алынды:

- "Мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» және «Сирек (орфандық) аурулары бар пациенттерді қымбат тұратын дәрілік препараттармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламаларының мониторингі бойынша аралық есептер;

- «Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасының мониторингі бойынша қорытынды есеп.

4. «Мүгедек балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

5. «QH Моноқалалардағы Болашақ инженерлер» қайырымдылық бағдарламасына өзгерістер бекітілді.

6. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының 2022-2023 жылдарға арналған қайырымдылық қаражаты есебінен орфандық аурулары бар азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі есеп назарға алынды.

7. 2024 жылдың 1 тоқсанына орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алуды қаржыландыру лимиті 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеге дейін бекітілді.

8. Орфандық аурулары бар азаматтар үшін 2023 жылға арналған дәрілік заттарды сатып алуды қаржыландырудың пайдаланылмаған лимитін 5 600 000 (бес миллиард алты жүз миллион) теңге сомасында 2024 жылдың 1 тоқсанына ауыстыру туралы шешім қабылданды.

9. «Шетелде онкология және гематология бөлімшелерінің дәрігерлерін оқыту «Қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселе бойынша Қордың Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 29 шешімінің күші жойылды деп танылды.

10. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

11. «Қордың әкімшілік шығыстарының аудиті» және «Сатып алу туралы ішкі ережелердің сақталу аудиті» мәселелері бойынша Ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебі назарға алынды. Ішкі аудит қызметіне түзету іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізу тапсырылды. Мониторинг нәтижелері Қордың қамқоршылық кеңесіне Ішкі аудит қызметінің жылдық есебінде ұсынылсын.

12. 2024 жылға арналған аудит жоспары бекітілді

13. 2024 жылдың I жартыжылдығына арналған Қамқоршылық кеңес отырыстарының кестесі бекітілді.